



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№42 (579)
17 қазан,
2024 жыл



ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІП: ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР

Мәселенің әлқиссасын сандар тақтасынан бастасак. 2021 жылы 10 - 24 жас аралығындағы 1,5 миллионнан астам адам қайтыс болды. ДДСУ есебі бойынша бұл күніне шамамен 4500 жас. Ал өлімнің себебі – жол-көлік оқиғалары, жарақат, суға бату, зорлық-зомбылық. Қорқыныштысы, 10 мен 14 жас аралығындағы балалардың көз жұму салдарында жұқпалы аурулардың да үлесі көп.

Бұл ретте жастардың денсаулығы мәселесіне көңіл аударсақ дейміз. Себебі жас талғамайтын жұқпалы дерт жастардың арасында да көбейді. Ауруға шалдығу физикалық денсаулықпен қатар, адамның болашағына һәм өмір салтына тікелей әсер етеді. Бұл мәселені шешу үшін мемлекет, денсаулық сақтау мекемелері мен жастар өзара тығыз байланыста болуы қажет.

Мамандар жұқпалы аурулардың бірнеше жолмен таралатынын айтады. Олар қоғамды елең еткізетін, адам денсаулығына үлкен қауіп төндіретін дерттердің бірі. Әр дерттің өзіндік ерекшелігі, таралу жолдары мен зардаптары бар.

Алдымен ауа арқылы таралатындар тобына тоқталсақ. Халық арасында «танымал» және аса мән берілмейтін дерттің бірі – тұмау мен ЖРВИ. Олар ауамен таралатын вирустық ауру, әсіресе суық маусымдарда жиі кездеседі. Тұмаудың зияны кейде қарапайым суық тиімен шектелмейді. Әсіресе аурудың алдын алып яки дерт кезінде емдемесе, асқыну процесі белен алатыны баршаға мәлім. Мысалы, пневмония немесе бронхит. 2019 жылдың өзінде ДДСУ бас директоры «Тұмау пандемиясының қауіп үнемі болады» деп мәлімдеген.

5-бетте

ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТЕАТР

Қажет пе?

Астана қаласында мәслихат депутаттарының II республикалық форумы өтті. Саяси шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және еліміздің түкпір-түкпірінен 2 500 депутат қатысты.

Жиында Парламент Мәжілісінің және «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов заң шығарушы органның қызметіне кеңінен тоқталды. Сондай-ақ облыстардан келген мәслихат депутаттары сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды.

Ауқымды форумның пленарлық отырысын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қорытындылап, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының жұмысын күшейте түсу, жергілікті басқару жүйесін жетілдіру, халықпен тікелей байланысқа баса мән беру жайын баса айтты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы



Мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру қажеттігін атап өтті.

Енді басты тақырыбымызға ойысайық. Аталған жиында мінберге шыққан Мәжіліс депутаты Ринат

Зайтовтың көтерген мәселесі елдің есінде. Ол:

– Мәдени майданда қазақ үшін, оның руханияты үшін, ұлттымыздың ұлы болмысынан айырылып қалмау үшін, бүгінгіміз тозып, ертеңіміз азып кетпеуі үшін негізгі мәселе ұлттық дәстүр мен өнер. Тәуелсіздік алғалы

бері еш ескерілмей, тасада қалған ұлттың төл өнерін төрге шығаратын уақыт келді. Қорқыт атамның қолынан түспеген қобыз, Сүйінбай сөзімен абыройымызды асқақтататын айтыс, күй атасы Құрманғазы мен Тәттімбет, Маңғыстаудан Сыр бойына дейін жыр төккен сұлейлер мен қайқылар, әлемді өзімен мойындатқан Әмірлердің мұрасы бүгінгі күні лайықты тұғырына көтеріле алмай келеді. Қазақ ұлтының перзенті ретінде бұл жағдайды жеткізбеу – маған сын. Өйткені дана халқымыз өткені ескермегеннің келешегі болмайды деген. Салт-дәстүр мен ұлттық өнерді насихаттау келешек ұрпақтың санасын сергек, ойын салмақты, идеологиясын таза сақтайды, – деді.

7-бетте

PINDUODUO, TEMU:

ТАУАР САПАСЫ СЫН КӨТЕРЕ МЕ?

Бүгінде «онлайн» жүзеге асатын қызметтің барлығы дерлік өзекті һәм халыққа ыңғайлы. Базардағы киімнен, дүкендегі азық-түлікке дейін жеткізу қызметі арқылы жүзеге асып, уақытты үнемдеуге арналған түрлі онлайн сауда халық үшін қызмет етеді. Қазақстандықтар қазір қажетті затын алу үшін «Kaspi.kz» дүкеніне жүгінеді. Тапсырыс берген өнім бар болғаны 2-3 күн аралығында сіздің қолыңызда болады, сондай-ақ тауар офлайн дүкендерге қарағанда арзан бағада қолжетімді. Сол секілді әлемдік деңгейде түрлі тауарларды сату және жеткізу қызметімен айналысатын платформалар бар. Түрлі сайттар және «Pinduoduo», «Temu» секілді ірі электронды сауда ошағын білмейтін адам бірен-саран.



3-бетте

СЫРДАРИЯ ДАМУЫНДА СЕРПІН БАР

Сыр еліне қарасты Сырдария ауданы кейінгі жылдары облыстың экономикалық дамуына қарқынды үлес қосып келеді. Өмір тұрғындары тек ауыл шаруашылығымен шектелмей, жаңа бизнес бастамаларды қолға алған. Өндіріс орындары, инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асып, елді мекеннің жол сапасы мен газ мәселесі де оң шешімін тапты. Ал аудандағы байыпты бастамалар мен оң өзгерістерге сәрсенбінің сәтті күнінде Сырдарияда өткен баспасөз турында кәу болдық.



Білім күнімен есте қалатын қыркүйек айы биыл қызылордалықтар үшін жағымды жаңалықпен қорытындыланды. Себебі бірнеше нысан халық игілігіне табысталып, кәсіпкерлік орындардың саны артты. Мәселен, Бесарықта мың шаршы метрді құрайтын шағын өндіріс орталығы салынып, 13 кәсіп иесі өз ісін бастауға мүмкіндік алды. «Абай-Дәулет» ЖШС бастамасымен ауылдық округте фри зауыты, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы наубайхана, кондитерлік және жартылай дайын өнім цехтары, жұмыс қолғабы, шұлық, пластик ыдыстар, сабын, ағаш бұйымдары өндірістері жұмысын бастады.

2-бетте

ЖЕЛГЕ ҰШҚАН
ҚАРАЖАТ НЕМЕСЕ
ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ
ХӘЛІ
— 4

СЫРДАРИЯ ДАМУЫНДА СЕРПІН БАР

– Биыл тамыз айынан бастап «Ауыл аманаты» арқылы 4 жоба қорғалды. Бүгінде олардың қаржы мәселесі шешіліп, кәсіпкерлер жұмысын бастап кетті. Оның біріншісі – наубайхана. Жеке кәсіпкер «Баласау» 2,5 пайызбен, демалысымен, кепілмен 7 миллион теңге алды. Одан кейін «Гүлнар» жеке кәсіп иесі 6 миллион теңгеммен қаржыландырылды. Ол кондитерлік өнімдер шығарумен айналысады. Мұнан өзге фото-видео студиясын жасауға да мемлекеттен қаржы алған кәсіпкерлер бар. Мұндай бастамаларға 6 миллион теңге көлемінде беріледі. «Ауыл аманатына» қатысқан ауыл тұрғыны бөдене еті мен жұмыртқасын сатуды қолға алып жатыр. Мемлекет осы кәсіпке аз пайызбен 9,2 миллион теңге қаржы бөлді.

Ал өңірлік инвестициялық орталық арқылы 3 жоба қолдау тапты. Оның алғашқысы – ою-өрнек басып шығару кәсібі. Бұл жобаға 15 млн теңге қаралған. Ал жұмыс қолғабын өндіру цехын іске қосқан кәсіпкер 6 млн теңге алып, жұмысын бастады. Одан бөлек, пластикалық бөтелкені өңдеу өнеркәсібін бастаған ауыл тұрғыны 12 млн теңге қаржылай қолдауға ие болды, – деді Бесарық ауылы әкімдігінің әдіскері Бибізада Бекенова.

Халқы 2367 адамды құрайтын ауылдық округтегі бизнес бастамалар, әлеуметтік жобалар мен кәсіпкерлік – ауданның экономикасын нығайту мен халықтың болашағын қамтамасыз етудегі маңызды тетік екені айқын. Мәселен, аумағы 70м² құрайтын кәсіпкерлер орнында 5 жоба жұмыс істеуде. Бесарық ауылындағы мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі Самат Ақпанбетов жары Гүлзирамен бірге жұмысқа арналған қолғап шығаруда. Бұл кәсіпті бастауға Самат Ақпанбетовтың жеке қызығушылығы себеп болған.

– Қазір бір ғана табысқа қарап отыратын уақыт емес. Ешкімге қол жаймай балаларымызды аяққа тұрғызғымыз келеді. Сол үшін отбасылық кәсібіміз болғанын қалаймыз. Бұған дейін де кәсіптен айналысып көргенмін. Бұл сала бізге таңсық емес. Дегенмен осы жолы хоббиімді бизнеске айналдырып көргім келеді. Бизнеске қажет қаржыны Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығынан алдым. Мемлекеттік бағдарлама аясында аз пайызбен 6 млн теңге несиеге осы ісімді бастап отырмыз. Қазір нарықта жұмысқа қолдануға арналған қолғап жұбымен 120-150 теңгеден сатылып жатыр. Біз 80-85 теңгеден береміз. Істің басталғаны енді болса да, сұраныс жоғары, – дейді Самат Ақпанбетов.

Сырдариялықтар мұнымен тоқтап қалмай, пластикалық бөтелке өндіру жобасын іске қосты. Ерлі-зайыпты Жанат мен Мұхит Молдабаевтар қазір 0,5 және 1 - 1,5 литрлік құты шығарумен айналысады. Тұрғындардың сұранысы бойынша алдағы уақытта 5 литр болатын пластик ыдысты да қолға алу жоспарлануда.

«Нан бар жерде ән бар» демекші, ауылдағы

кәсіпкер Гүлмира Смағұлованың наубайханасы бүгінде Сырдария ауданындағы табысты жобалардың біріне айналған. «Сыр өнімдері» кондитерлік цехында жуырда ғана іске қосылған наубайхана күніне 100-ден астам нан өндіреді.

– Алматы қаласынан 2 пеш пен қажетті құралдарды алып, жұмысты бастадық. Мұның барлығы «Ауыл аманаты» жобасы арқылы алған 7 миллион теңге несиенің жемісі. Ауылдағы дүкендердің басым бөлігін біздің өнімдермен қамтамасыз етіп отырмыз. Нау-байханада 2 адам жұмыспен қамтылған. Жалпы, нан пісіру бұрыннан хоббиім еді. Солай ойым кәсіпке жалғасып, табыс жолына екелді. Цех шағын болғанымен басқа да тапсырыс қабылдаймыз. Мысалы, той-томалақ пен ас беруге қажет өнімдерді пісіріп беруді сұрайтындар бар. Ол өнімдер нарықтан төмен бағада ұсынылады. Самса 120 теңгеден берілсе, жұқа күлшелерді келі арқылы есептейміз. Жұмыс орнымыз барлық санитарлық талаптарға сай және жұмыс істеуге ыңғайлы, – деді наубайхана басшысы Гүлмира Смағұлова.

Сапар барысында отбасылық кәсіпке бет бұрған Жарқын Сапарғалиұлымен тілдестік. Ол ою-өрнек басып шығару туралы идея алғаш келіншегінің айтуымен қолға алынғанын жеткізді.

– 2 жыл бұрын жұбайымның идеясын қолға алдым. Әуелде шағын құрылғымен бастап, онлайн тапсырыс арқылы жұмыс істедім. Ал биыл кәсіпкерлерді қолдайтын «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 15 миллион теңге көлемінде қолдауға ие болдым. Міне, тұтынушыларымызға арналған өнімдерді сапалы құрылғылармен жасаудамыз. Сонымен қатар бір маманды жұмыспен қамтамасыз етіп отырмыз. Елдің барлық өңірінен сұраныс бар. Өз аудиториямызды қалыптастырып, тұрақты тұтынушыларымызды тауып үлгердік. Осы орайда ауылдан шыққан кәсіпкерлерді қолдау мақсатында ғимарат салған «Абай-Дәулет» ЖШС-ға алғысымды білдіремін, – деді «Айқын» ою-өрнек басып шығару кәсібінің иесі Жарқын Сапарғалиұлы.

Бесарықтағы кәсіпкерлік нысандардың тыныс тіршілігінен хабардар болып, әрі қарай Теренөзек кентіне табын тіредік.

Кенттің әлеуметтік және экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында бірқатар ірі жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Жастар» аллеясының құрылысы, көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумақтарын жаңарту, «Тағзым» алаңын абаттандыру және орталық көшелерге жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары жүргізілуде. Жобалар аудандық және республикалық бюджеттен бөлінген ірі көлемдегі қаражаттармен қамтамасыз етілген. Мердігер мекемелер әр жоба бойынша жоспарланған мерзімде жұмысты толық аяқтауға тырысып, кенттің саулеттік және әлеуметтік келбетін жаңартуда. Мәселен, көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумақтарын қайта жаңғырту жұмысы бойынша мердігер

мекеме «СП Бірлік Инжинринг» ЖШС көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына жол жиегіне бардиор қою және балалар ойын алаңдарының қоршауларын жасап ішіне тас төсеу, демалыс алаңдарының брютчатқаларын төсеу және жаппаларын орнату жұмыстарын жүзеге асырған. Биыл республикалық бюджет қаражаты есебінен 60 миллион теңге бөлініп, толығымен игерілді. Қалған 107,1 миллион теңге қаржы шешілсе жыл соңына дейін игеріледі.

– Облыс әкімінің қолдауымен Теренөзек кентінде абаттандыру жұмыстары ғана емес, сонымен қатар жаяу жүргіншілер жолдары салынып, көпқабатты тұрғын үйлер де күрделі жөндеуден өтіп, «Тағзым» алаңы да қайта жаңғыртылып жатыр. Бұл жобалар тұрғындарға жайлы демалыс орнын жасау мақсатында қолға алынған. Оған қоса, балаларға

арналған ойын алаңы да салынатын болады. Айта кету керек, Теренөзек кентінде 9 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта 6 көшенің жұмыстары толық басталды. Алдымен әлеуметтік нысандар орналасқан көшелер қамтылды. Бұл жұмыстар келесі жылы да жалғасын табады. Ал көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумақтарын қайта жаңғырту жобасы бойынша да бірнеше жоба іске асып жатыр. А.Иманов көшесіндегі 6 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтуде, – деді кент әкімі Ержан Бақтияров.

Сапар А.Токмағамбетов ауылымен қорытындыланды. Қазір бұл өңірде 356 тұрғын үй болса, оның 104-і газ қосуға дайын.

– Ауылдық округте «көгілдір отын» кіргізу жұмыстары өткен жылы басталды. Қазір ауылда 356 тұрғын үй болса, әзірге соның 104-ін газға қосуға дайындап қойдық. Алдағы уақытта 100 пайыз қамтимыз деп жоспарлап отырмыз. Жалпы, ауылдың қазіргі жағдайы өте жақсы. 2013 жылы ауызсу қосылса, келер жылы электр желісін жаңғырту да жоспарлап отырмыз. Ал ауылдағы 16 көшенің 13-іне тас жол төселіп, қалған 3 көшенің жоба сметалық құжаттары

дайындалу үстінде. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді А.Ток-

мағамбетов ауылының әкімі Ғабдолла Алданазаров.

Қорыта айтқанда, жүзеге асып жатқан әр жоба Сырдария ауданының инфрақұрылымдық әлеуетін көтеріп, кәсіпкерлік нысандарының артуына әсер етіп келеді.

Әлия ТӘЖІБАЙ
Қызылорда-Сырдария-Қызылорда



Оқушы тәрбиесіне КІМ ЖАУАПТЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың аمانдығы, білімі мен тәрбиесі – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі» деген еді. Жолдауда айтылған бұл сөз бала тәрбиесіне кім жауапты екені жөнінде талайды толғандырғаны рас. Мектеп оқушылары арасындағы қатыгездік, озбырлық пен тәртіпсіздік туралы жиі естіп, тосыннан тарс еткен оқиғаларды көрген жаралы жүрек көбейді. Ұрпақ тәрбиесін ұлт болашағымен байланыстырған дана қазақтың бұндай хәлге жетуіне не себеп? Ал оқушының ойсыз әрекетіне кім тосқауыл болады? Олардың тәрбиесіне кім жауапты?

Рас. Санада сансыз сауал толып тұр. Ізденген, іздеген, қара қылды қарқанды ақ пен қараны анық көрсеткендер де болды. Бірақ әлі де «әттеген-айы» басым. Себебі бүгінгі оқушының мінез-құлқы, мән-жағдайды қабылдауы да тым өзгеше. Олар өздерін «Z» ұрпақтыз дейді. Енді осы «зедтердің» тәртібі талайды толғандырып отыр ғой...

Әке мен ананың әр сөзі, әрекеті баланың бойына сіңіп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Шынымен баланың алғашқы ұстазы, жақын досы әрі ақылшысы – ата-ана. Ал санаға сіңетін тәрбие бала өмірінің іргетасы болмақ. Себебі «бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Сондықтан ата-ана өзінің әр ісіне жауапкершілікпен қарамаса, бала тәрбиесі ақсайды. Олардың қарым-қатынасындағы селкостық оның мінезі мен әлемге көзқарасын бұзуы мүмкін.

Мәселен, былтыр «Сеніммен Болашақ» қоры өткізген форумда «Қазақстанда бала тарбиесімен

негізінен аналар айналысады» деген пікір айтылған еді. Олар арнайы жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға 33 пен 55 жас аралығындағы 33 мыңға жуық ата-ана қатысқан. Бала тәрбиесі туралы ақпарат берудегі әкелердің үлесі 37,3% болса, ал аналар 62,7%-ды құраған.

Ұлттық тәрбиеде «баланды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» дейді. Жаны мен пейілі, ойы ақ қағаз тәрізді сәбиді тұлға ретінде қалыптастырудың дайын жолы, міне алдымызда. Бірақ таннан кешке дейін жұмыс істеп, отбасын асырауға бар күшін салатын ата-ана жауапкершілікті балабақша мен мектепке артауды жөн көреді. Ал кейін тәрбиенің жоқтығы бос орынға айналады да, оның орнын әлеуметтік желі мен сыртқы әсерлер басып кетеді. Міне, осы ретте бала тәрбиесіндегі мектеп пен ұстаздың рөлі қылаң береді.

Мұғалімнің міндеті – білім беру, алайда бүгін мұғалімдерге тәрбие жүгін де артып қойғанымызды байқаймыз. Әр мұғалімнің де өз отбасы, балалары бар. «Бір қолымен бесік тербетіп, екінші қолымен әлемді тербеткен» ана-ұстаздар мектепте де осындай

жауапкершілікті алып жүр. Күнделікті сабақтан тыс, сенбі-жексенбі, мерекелік демалыстарда мұғалімдер түнгі рейдке шығып, оқушылардың көшеде беймезгіл жүрмеуін қадағалайды.

Бірақ бұл әділетті ме? Мектеп – оқушы мінезін қалыптастырудың жалғыз ошағы емес. «Бала тәрбиесі – ортақ іс» деп жиі айтқанымызбен, бұл жауапкершілікті өзімізге алу қиынға соғып тұр. Тәрбиедегі ақсау ата-ана мен қоғамның ортақ олқылығы, ал мектеп оны түзеудің орны емес, қосымша бағыттаушы орта.

Шын мәнінде, бала тәрбиесінде ата-ана мен мұғалімнің рөлі бірдей маңызды. Әрі бұл екі жақтың да ортақ

міндеті. Тек бір тарапқа жүктелген тәрбие нәтиже бермейді.

Хош делік. Бірақ мұғалім де ата-ана емес пе? Мектептен шыққан соң, үйінде күтетін баласы бар. Ал үйдегі баласын назардан тыс қалдыру да педагог үшін оңайға соқпайды.

Бүгінде білім беру процесі көп жағдайда қағазбастылыққа, есеп беруге, формализмге ауысып кетті. Мұғалімге өз міндетін атқару үшін жасалған жағдай қолайлы деуге сенгіміз-ақ келеді. Десе де, көзге көрінген фактор олай демейді. Егер біз оқушыдан сапалы білім мен тәртіп талап етсек, онда ұстаздардың негізгі міндеттеріне көңіл бөлу керек. Бұл бүгінгі ұстаз қауымының жанайқайы. Мектепке жақында жұмысқа орналасқан педагог та ашынып, ашығын айтты.

– Қазір мектепке жас маман болып жұмысқа орналастым. Шынымды айтсам, алатын айлығым 180 мың теңге. Аптасына 6 рет сабақ беріп ғана қоймай, директор орынбасарларының қарауы тиіс құжаттамасын біздерге жүктейді. Одан бөлек, кешкі рейдте де суретіміз болуы тиіс. «Облонога отчетка» деп шақырып, тек суретке түсіп ғана қоймай, күніміздің 3,4-5 сағатын оқушыларды күзетумен өткіземіз. Қалған дүниелерді айтпай-ақ қояйын. Өзге түгілі, өзіме қарауға уақыт жоқ. Өрине, артық, міндеттелмеген жұмыстардың әрекетінен осындай болып отыр. Тек сабағымды беріп жүрсем дәл бұлай болмас еді. Десе де әр келген жас маман осы этаптан өтуі керек дегенді жиі естимін. Бірақ бұдан соң, оқушыға жаны аштығын, ізгілікке тұнған ұстаздың рөлін талап ету қате секілді. Дәрекілеу айтсақ, ілініп-салынып әрең жүргенде мінсіз мұғалім болу қиын. Ал оқушы тәрбиесі туралы ештеңе демей-ақ қояйын, – дейді есімін өзгертуді сұраған Еңлік апай.

Біз мәселені қозғаған адаммен емес, салдарымен күрессек, шешім бар. Сонда ғана оқушы мен ұстаз, ата-ана арасында мәміле болады. Тәрбиеге де кімнің жауапты болу керек екенін ұғынған шығарсыз.

Инжу МАРЖАН



PINDUODUO, TEMU: Тауар сапасы сын көтере ме?



Өндірушілер тауардың сапасына сақтықпен қарайтын жеткізеді. Себебі платформада «кері байланыс» жүйесі бар. Бұл функция тауарға қатысты тұтынушылардың пікірімен бөлісіп, оның сатылымына тікелей әсер етеді. Өнім жоғары сапалы болса, оның рейтингі де көз қуантарлық болады. Тапсырыс саны көбейіп, өндірушіге пайда әкеледі. Бұл сатушыларды сапаға мән беруге итермелейді. Десе де үміті ақталмаған тұтынушылар баршылық.

Тауар жеткізу тегін бе?

Сырттан келетін өнімнің жеткізу уақыты қашанда ұзақ, алайда қытайлықтар үшін бұл платформа арқылы сәлемдеме күту бірнеше күнді ғана құрайды. Халықаралық жеткізу кемінде 2-3 апта, сол себептен қалаған тауарыңызды «шұғыл» түрде алдыру мүмкін болмайды. Сондай-ақ өнімнің жеткізу құны да сізге қаржылай ыңғайсыздық тудыруы мүмкін. Себебі заттың жеткізу құнынан бөлек, салмағы үшін де қосымша қаржы ысырап етесіз.

Әрине, жеткізу құны қытайлықтар үшін тегін болуы мүмкін, ал шетелдік сенім білдірушілер үшін тек кейбір жағдайда ақысыз. Егер сіз белгілі бір соммадан жоғары тапсырыс беретін болсаңыз, жеткізу үшін төлемесеңіз болады. Алайда өнімнің салмағы ауырлаған сайын төлейтін баға да арта бермек. Әдетте 1 келіге дейін жеңіл сәлемдемелерді жеткізу ақысы арзан, ал одан асатын жағдайда баға өседі. Бұл бағалау тауарды жеткізетін логистикалық компанияның тарифтеріне негізделеді. Халықаралық жеткізуде сәлемдемені жолдау құны айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Тұтынушы жеткізу құны мен тауардың салмағына қатысты шығынды тапсырыс берер алдында қосымша арқылы біліп отырады.

«Pinduoduo» – бизнес көзі

Көзі ашық, көкірегі ояу кейбір жан бұл платформаны өз бизнес көзіне айналдырып, халыққа қызмет көрсете бастады. Көбі дүкен ашып, түрлі ұсақ-түйектерді сатып бастады. «Осы кәсіптің арқасында аяққа тұрып, тәжірибе жинадым» деп пікірімен бөлісті Мерей Нұрланқызы.

– Қытай арқылы бизнес ашу идеясын 2019 жылы жүзеге асырдым. «Pinduoduo»-дан бұрын қытайлық сайттармен жұмыс істеп, оларды зерттедім. Бастапқы кезде, әрине, менде сәтсіздіктер болды. Тапсырыстар шатасып, кейде сатушыларға да алдандым. Алайда тәжірибе жинадым.

Әуелі балаларға арналған дүкен аштым, кейіннен әйелдер дүкенін жүргізуді шештім. Бастапқы айда тұтынушы жинау үшін әлеуметтік желідегі таргетке жүгініп, ең алғашқы табысым 500 мың теңгені құрады. Ал кейін бір күндік кірістің құны 700 мың теңгеге дейін жетті.

Бірі білсе, бірі білмес, алайда Қытаймен бірлесе жұмыс істеп, жақсы пайда табуға болады. Бұл бизнестің ерекшелігі – шығынсыз, ақша құймай-ақ та бастап кетуге болады. Сондай-ақ осы кәсіп көзінің арқасында ата-анама үй, әкеме көлік алып бердім. Басқа да техникалық құралдарды еш қиындық сатып алуға мүмкіндік туды, – дейді кейіпкеріміз.

«Temu» туралы не білесіз?

Қытайлық «Pinduoduo»-ның жаңа аналогі «Temu» халық арасында кейінгі жылдан бастап танылды. Қазірдің өзінде қалың аудитория жинап үлгерсе де, платформа иелері жарнамалау жұмыстарын әлі тоқтатпады. Маркетингтің құрбанына айналған шопоголиктер үшін бұл кішігірім «сынақ» іспеттес. Себебі әлеуметтік желілердің кез келгенінде бұл электронды сауда платформасының ізі бар.

Тарқата кетсек, «Temu»-да тауардың сапасы басты рөлде. Өндірушілер өз өнімдерінің сапасын қатаң қадағалайды, себебі платформа әлемдік тұтынушылармен жұмыс істейді. Халықаралық сауда стандарттарымен санасады, сондықтан тұтынушылар сапаға көбірек сенім арта алады. Демек баға «Pinduoduo»-ға қарағанда біршама қымбат деген сөз.

Бұл платформа сапалы тауарды ұсынумен қатар, жеткізудің тиімді жүйесін енгізген. Осылайша тұтынушылардың сеніміне не бола бастады. «Temu» платформасында тауар жеткізу уақыты тұтынушының орналасқан жеріне

байланысты. Қазақстанға жеткізу әдетте 15-тен 25 күнге дейін уақыт алады. Жеткізу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Ең әуелі өндіруші тауарды өзінің қоймасынан «Temu» логистикалық орталығына жеткізеді. Келесі кезеңде тауар аймақтық сұрыптау орталығына жетеді, содан кейін жергілікті тасымалдаушыға беріледі. Одан соң тауар Қазақстанға жеткізіліп, келендік рәсімдерден өтеді. Соңғы кезеңде тауар жергілікті тасымалдау қызметі арқылы тұтынушыға жетеді.

Сәлемдеменің салмағына қатысты айтар болсақ, екі платформаның бұл тұрғыда айырмашылығын байқамайсыз.

Қос қосымшаның айырмашылығы

Қос қытайлық сауда қосымшалары халыққа ыңғайлы әрі бағасының арзандығымен жағады. Алайда кемшін тұстары жоқ деп айту қиын. Кейбір тауар ұсынушылар халықты жеңілдіктері мен тапсырыстан бөлек сыйлықтарымен рейтинг жинағысы келеді, алайда кейбірі тіпті тапсырысты қабылдау барысында өз қызметін дұрыс атқармауы мүмкін. «Арзанның сорпасы татымас» демекші, «Pinduoduo»-дағы өнімдер арзан болса да, сапасы күмәнді нем әртүрлі болуы мүмкін. Тұтынушының қалауына салғырттықпен қараған кейбір қытайлық сауда саласының өкілдері сөзімізге дәлел бола алады. Бірі «тауар суреттегідей жақсы сапада» десе, енді бірі тапсырыс берген дүниеден басқа өнімнің келгенін немесе киімнің шақ келмегенін айтып шағымданады.

«Pinduoduo» платформасы тілдік тұрғыдан барьер қоюы мүмкін. Себебі оның қосымшасы тек қытай тілінде және көпшілікке түсініксіз. Сондай-ақ тауардың бағасы юаньмен көрсетіледі, ал оның теңгеге шаққандағы соммасын білу арнайы сайт арқылы жүреді. Бұл да ыңғайсыздық тудырады. Ал «Temu» халықаралық нарыққа бағытталғандықтан, соған сай кез келген тілде қолжетімді. Ондағы валюттада сіз тұратын елдің валютасымен сәйкестенеді.

Қорытынды. Қазақстандық тұтынушы үшін «Temu» платформасы жоғары стандарттарымен және ыңғайлы интерфейсімен қолайлы болып көрінуі мүмкін. Ал қоғамды қымбатшылық жайлаған заманда «Pinduoduo»-дағы арзан бағалы тауарлар сапасына қарамастан қызықтырып, бірақ қолжетімділігі көңіл көншітпей мүмкін. Десе де таңдау тұтынушыда. Ал сіз бұл платформаларды қолданасыз ба?

Нұршат НЫШАНОВА

«Pinduoduo» неліктен арзан?

Қытайдың ең ірі онлайн сауда платформаларының бірі – «Pinduoduo». Ол Шанхайда құрылып, халық арасында жылдам танылды. Бұл платформа Қытайдағы ауылдық және шағын қалалардағы тұтынушыларға бағытталған. Себебі шет аймақтағы елді мекен тұрғындарының қажетті тауарларды сатып алу үшін төлем қабілеті төмен болуы мүмкін. Осы орайда Pinduoduo ұсынатын арзан баға олар үшін ұтымды. Оның негізгі идеясы – әлеуметтік сауда, яғни топ болып сатып алу арқылы жеңілдіктер алу. Ол көбіне жергілікті нарыққа қызмет етеді және Қытай ішіндегі тұтынушыларға арзан тауарлар ұсынады.

Бұл онлайн дүкеннен түрлі тауарды табуға болады: киім-кешек, тұрмыстық техника, электроника, тіпті азық-түлік те бар.

Платформа тауарды көбіне тікелей өндірушіден немесе сатушыдан алады. Яғни арадағы делдалдың аздығы өнімнің бағасын арзандатуға ықпал етеді. Кейбір тауар брендсіз, қарапайым болуы мүмкін. Бұл да өнімнің бағасын төмендетеді.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ – ERASMUS+

«Erasmus» бағдарламасы – білім беру мен мәдени алмасудың халықаралық көпірі. 1987 жылы Еуропалық Кеңес іске қосқан бұл бағдарлама әлемдегі танымал жобаның біріне айналды. Себебі оқимын, көремін, ізденемін деген студенттер мен оқытушыларға түрлі жәрдемақылар мен шетелдік ЖОО-да тәжірибе алмасу қарастырылған. Ал ең танымал бағыты «Erasmus+» аясында әр қатысушы жаңа дағды қалыптастырып, кәсіби деңгейін арттырады.

Бұл бағдарлама Қазақстан мен Еуропа арасындағы байланысты нығайту бағытына да үлес қосады. Алайда пандемиядан кейін қазақстандық ЖОО-лардың белсенділігі төмендеген. Бұл жөнінде Қазақстандағы «Erasmus+» бағдарламасы Ұлттық кеңесінің үйлестірушісі Лаура Палуанова айтты.

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Еуропалық Одақтың бағдарламасы бойынша ақпараттық сессия өтті. Іс-шараға Ұлттық кеңесінің үйлестірушісі Лаура Қалабайқызы, университет ұжымы мен студенттер қатысты. Ақпараттық жиын барысында спикер баяндама жасап, халықаралық кредиттік ұтқырлық, бірлескен магистрлік бағдарламалар, Jean Monnet жобалары мен жоғары білім әлеуетін арттыру туралы ақпараттармен бөлісті.

– Жобалардың басты мақсаты – ЖОО әлеуетін арттыру. Студенттер арнайы магистратура бағдарламаларына тегін қатысып, екі жыл ішінде 2-3 Еуропа елінде білім ала алады, – деді ол.

Бағдарламаға аясында ЖОО рейтингі де жүргізіледі. Мәселен 2022-2023 жыл аралығындағы көрсеткіш бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті көш бастап тұр. Кейінгі орынға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жайғасса, үздік үштікте М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті бар.

Айта кетейік, бағдарлама ЕО арқылы қаржыландырылады. Қазақстандық жоғары оқу орындарының белсенділігін арттыру мақсатында үйлестірушілер ақпараттық науқан ұйымдастыруда. Соның аясында Лаура Палуанова түсіндірме жұмыстарымен Батыс Қазақстанда кездесу өткізіп, Қызылордаға табан тіреді.

– «Erasmus+» ЕО-ның сәтті әрі танымал бағдарламаларының бірі. Қазақстандық ЖОО-ларды тарту үшін қарқынды түрде ақпараттық жұмыстарды қолға алдық. Батыс Қазақстаннан бастап, Оңтүстік аймаққа келдік. Қызылордадан кейін Түркістан әрі қарай Шымкент

қаласына барамыз. Бұл ретте түсіндірме жұмыстарының рөлі зор. Себебі пандемиядан кейін ЖОО-лардың белсенділігі төмендеді. Бірақ Қазақстанның жетістіктері де аз емес. 2015-2020 жылдары бағдарламаның 1-кезені өтті. Екінші кезең 2021-2027 жылдар аралығына жоспарланған. Жиын барысында айтқанымыдай, мұның мақсаты білім беру жүйесінің, оқытушылардың, студенттер мен әкімшілік қызметкерлердің әлеуетін арттыру, – деді үйлестіруші.

Жиын соңында «Erasmus Mundus Joint Masters» магистратура бағдарламасы туралы айтылды. Бұл консорциум арқылы жүзеге асырылған интеграцияланған халықаралық жоба. Мамандардың айтуынша, бағдарлама сәтті аяқталғаннан кейін студент екі немесе одан да көп жоғары оқу орнынан біріккен диплом немесе әр университеттен жеке диплом ала алады.

Әлия Тәжібай

Мәселе

ЖЕЛГЕ ҰШҚАН ҚАРАЖАТ

Немесе қазақ спортының хәлі

Жуырда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Туризм және спорт министрлігімен бірлесіп, спорты қаржыландыру саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді.



Нәтижесі отандық спорттың дамуына және әлемдік спорт аренасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге кедергі келтіретін жүйелі жемқорлық тәуекелдерінің бар екенін айғақтаған көрінеді.

Біз де мәліметтермен таныстық, жағамызды ұстатадық. Тіпті айтарға сөз таппайсыз.

Сандарды сөйлесек, есебі жоқ. Қыруар қаржы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен. Бұлай барлығына күйе жағу орынсыз дерсіз. Бірақ...

Айтайық. Соңғы алты жылда спорт саласына 1,4 триллион теңге жұмсалған. Ал осы жыл мен алдағы екі жылға тағы 1,3 триллион теңге беру жоспарланған. Бұл қаражат Орталық Азия мен алыс шет елдердің, яғни Канада, Норвегия, Нидерланды бюджеттерінен бірнеше есе артық. Сұмдық па? Бұл – басы.

6 жылда Қазақстан төрт Олимпиадаға қатысты. Оның екеуі Жазғы, екеуі Қысқы ойындар. Осы байрақты бәсекенің барлығында біздің спортшылар тек 1 ғана алтынмен шектелді. Азия ойындарында да жарытқанымыз шамалы. Уақытты кері шегерсек, Қазақстан Олимпиада ойындары бойынша, 2020 жылы – 83 орында, 2022 жылы – 0 медаль, 2024 жылы – 43 орынға жайғасты. Ал дүниежүзілік спорт сатысында 2014 жылы – 25, 2018 жылы – 47, 2023 жылы – 42 орынға жайғасқан. Басты себеп – мемлекеттік қаржыны ұтымсыз жұмсау және жымқыруға ықпал ететін жүйелі жемқорлық тәуекелдерінің негіз болуы. Ендеше, 1,4 триллион теңге қайда кетті?

Иә, барлығымыз ақшаны спорт саласына бөлудегі мақсат – халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау ұрпақ тәрбиелеу деп түйдік. Бірақ барлығы біз ойлағандай емес. Өйткені біз айтып отырған 1,4 триллион теңгенің 35 миллиарды ғана бұқаралық спортты дамытуға жұмсалған. Есептесек, Үкімет ақшаның 2,5 пайызын ғана қолжетімді спортқа бөлген. Ал «қалғаны қайда?» деген сұрақ баріміздің көкейімізде сайрап тұр.

Антикорлық есебіне сенсек, қаржының үлкен бөлігі легионерлерге жұмсалған. Ал тәуелсіздік алғалы Қазақстанға барлығы 126 легионер келген, азаматтық алған. Олардың барлығы сіз бен біз төлеген салықтан тамақтанды, киім киді, жарыстарға барды. Қысқасы, жүріп-тұруларына бюджеттен қаражат қаралды. Бірақ соңғы 4 Олимпиаданың нәтижесі көрсеткендей, ешбірі біздің елге алтын медаль сыйламады. Демек оларға жұмсалған миллиардтар орынсыз.

Жуырда белгілі спорт

комментаторы Олжас Байбосынов антикор анықтаған мәліметтер жайында баяндап, азды-көп пікірін білдірді. Сол тұста легионерлерге де тоқталды.

– Елге келген 126 легионердің қатарында теннисші қыздарымыз Елена Рыбакина мен Юля Путинцева бар. Екеуі де Париж төріндегі дүбірлі долада ел

намысын қорғаудан бас тартты.

Елена Рыбакина «тамағым ауырды» деп Францияға бармай қалды. Бірақ көп ұзамай спортшы қыздың өзі Түркияда балмұздақ жеп, демалып жатқан суретін әлеуметтік желіге салды. Кейіннен постанты өшірді. Ал Юля Путинцева жарыстың басталуына жарты сағат қалғанда аяғы ауырғанын айтып Олимпиадаға қатыспайтынын мәлімдеді. Сонда 4 жыл бойы бұл қыздарды несіне асырадық?

Теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов «Легионер қыздарға өз қалтасынан ақша шығаралды». Иә, барлығымыз солай ойлап келдік. Шынтуайтында олай емес. Елена Рыбакина, Юля Путинцева, Дмитрий Попко, Александр Чевченко, Александр Бублик, Александр Недовесов пен Анна Данилиналар мемлекеттің ақшасына қаржыландырылып отыр екен.

Бұл тек теннисте ғана емес, жеңіл атлетикада да жағдай осылай. Бұл федерацияны Даниал Ахметов басқарады. Даниал Кенжетайұлы 2019 жылы Кения елінен 5 жеңіл атлетті әкелді. Бұлардың да бірде біреуі Олимпиада ойындарынан алтын медаль алған емес. Алтын былай тұрсын, жүлдеге ие болған жоқ. Сорақысы ешбірі Қазақстанда тұрмайды. Жергілікті жастардың өсуіне көмегін тигізген де емес. Яғни олардың да бізге пайдасы тимеді. Ал 5 жыл ішінде бұл спортшыларға қанша қаражат бөлінгені бір Құдайға аян.

Депутат Дәулет Тұрлыханов басқаратын күрес түрлері федерациясында да легионерлер аз емес. Олар Олимпиада, Азия ойындарына және Әлем

чемпионаттарына қатысты. Сонда өзімізде күресетін білекті жігіттердің болмағаны ма? Оның үстіне күрес түрлері федерациясы мемлекет бюджетінен ең көп қаржы алатын спорттық ұйымның бірі. Соған қарамастан нәтиже көңіл көншітпейді, – деген ренішін білдірді.

Легионерлер жайлы тарқатсақ әңгіме таусылмайды. Өйткені біздегі басты мәселе осы жерде болып отыр. Бұл қатарға легионерлер үшін ақшаны аямай құятын «ASTANA» велоқлубын да қоса аламыз. Айтпақшы бұл клубқа құла түсіп отырған компания бар көрінеді. Ол қытайлық – «XDS ASTANA SUPER TEAM» компаниясы. Олар велоқлубқа қыруар қаржы беруге дайын. Бұл келісімшарт мемлекеттік деңгейде талқыланып жатқан сыңайлы. Неге? Өйткені велокоманда акциясының негізгі бөлігі



мемлекетке тиесілі. Ал қаржыны «Қазына» қоры деген спортты қолдау қоры арқылы алады. Бұл қор ақшаның негізгі бөлігін елордалық спорт клубтарына бөліп отырады. Ал «ASTANA» велоқлубына ақшаны Люксембургта тіркелген «ABACANTO SA» деген компанияға жібереді екен. Қалай, ә?

Ал енді нақты қаражатқа тоқталайық. Велоқлуб 2007 жылдан 2014 жылға дейін шамамен жылына 15 миллион еуро алған. Бұл туралы сол кездегі велоспорт федерациясының басшысы Қайрат Келімбетов айтқан еді. Қызықтық барлығы осыдан кейін басталды. Яғни клубты қаржыландыруды президент жанынан құрылған «Астана» спорттық клубы өз мойнына алды. Ақшаны «Самұрық Қазына» береді. Ал ондағы ақша кімдікі? Әрине, халықтың қаржысы. Елдің есебінен өмір сүрген әртүрлі спорт түрлерінен 9 клубқа жылына 100 миллион долларға дейінгі қаражат бөленген. Бұның ішіне «ASTANA» велоқлубы да кіреді. Сондай-ақ 2014-2024 жылдар аралығында мемлекет «Astana Qazaqstan Team-ға» 174,1 миллион еуро бөлген. Сұмдық!

Бір ғана халқы аз Нидерланды елінде бұқаралық спортқа (497 миллион) жұмсалатын шығындар кәсіби спортқа (246 миллион) қарағанда 2 есе көп долларды құрайды. Ал салыстырып қарасақ, Қазақстан жоғары жетістіктер спортына 3 есе көп, ал бұқаралық спортқа 7 есе аз жұмсайды.

Жоғарыда айтып өткен 1,4 триллион теңгенің тағы біраз бөлігі Олимпиада бағдарламасына енген спорт түрлеріне бөлінген. Олардың қатарында стрип-пластика, яғни стриптиз, петанк, балық аулау және тас лақтыру сынды адам айта сүйсініп

келетін спорт түрлері бар. Ал соңғы 6 жылда Қазақстанда спортқа жауапты қанша министр келгенін білесіз бе? Бес. Иә, 5 министр ауысқан.

Оның біреуі, яғни Арыстанбек Мұхамедиұлы министр лауазымынан босағаннан кейін жасаған қылмысы үшін абақтыда отыр. Одан кейін ведомство тізгінін ұстаған Ақтоты Райымқұлова болса қазір «Түркі мәдениетінің мұрасы» деген қордың директоры. Одан кейін тағайындалған Асхат Оралов бар болғаны 10 ай ғана жұмыс істеді де, қызметінен қуылғаны есте. Бірақ қазір Президент әкімшілігінде қызмет етеді. Ермек Маржықпаев та бұл орында 1 жыл толық отыра алмады. Париждегі маскарадан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оны қызметінен

босатты. Қазір ол Премьер-министрдің кеңесшісі. Су жаңа министр Ербол Мырзабосынов болса қызметке кеше ғана кірісті.

– Мұндай көп ақшаға 6 жылда УЕФА стандартына сай келетін 40 стадион

салуга болады екен. Алайда тәуелсіздік алған 33 жылда біздің елде тек 2 стадион бой көтерді. «Орталық Азияның басмыз, дамыған 30 елдің қатарына кіріп келеміз» деп кеуде қаққанда теспің жібере жаздаймыз. Сөйте тұра шамамыз тек екі стадионға ғана жетті. Одан бөлек мұндай ақшаға елдегі барлық ауылға жабық спорт кешенін, спорт алаңдарын көптеп салуға болатын еді ғой.

Көрші Өзбекстан 33 жылда 10 стадион салып үлгеріпті. Міне, олардың Олимпиадада бірінен соң бірі топ жарып, үлкен футболда жетістікке жетуі осының арқасында. Яғни бұл өзбек шенеуніктері спортқа деп бөлінген қаражатты дідтген жеріне жеткізеді деген сөз, – деді спорт журналисі Олжас Байбосынов.

Жалпы спорт саласында процестерді цифрландыру мүлдем жоқтың қасы. 2020 жылы «E-Sport» ұлттық цифрлық платформасын енгізуге жоспарланған әзірлеу жүргізілген жоқ. Нәтижесінде министрлік қазақстандық спорттың жай-күйін толық білмейді. Жұлдегерлердің, спорт ғимараттарының, секциялар мен жаттықтырушылардың бірінғай есебін жүргізбейді.

Одан соң жалған спортшыларға спорттық атақ беруге, жарыстарға қатысу үшін спортшыларды ашық емес және субъективті іріктеуге ықпал етеді. Ал оның арты оқу-жаттығу жиындары мен спорт нысандарын жалға алудың жалғандығы, легионерлерге берілетін еңбекақыны асыра бағалауға, бюджет қаражатын бақылаусыз игеруге алып келеді. Міне, осылай есепсіз есіл ақша судай ағып кетеді. Легионерлер туралы айтқанда хоккейдегілерді де қоса кетейік. «Барыстың» құрамындағы канадалық легионерлерге 314 млн теңге төленеді екен. Мұндай ақшаны қарапайым қазақ өні түгілі түсінде де көрмеген шығар... Сұрақ көп, жауап ше?..

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ — БАСТЫ НАЗАРДА

Төтенше жағдайлар қызметі – адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Сондықтан мұнда білегі құрыш, жігері қылыш, рухы мықты мамандар ғана жұмыс істей алады. Өрт, сел секілді табиғи апат кезінде басқалар сол аумақтан тезірек кетуге қам жасайтыны белгілі. Ал мұндайда өз еркімен сол жерге құтқарушылар ғана асығады.

Егемендік алғанға дейін елімізде кәсіби апаттық-құтқару қызметі болмаған. Төтенше жағдай кезінде құтқару жұмыстарын көбіне қоғамдық ұйымдар, құтқару бекеттері жүргізе, қызметтің бір бөлігін милициялар атқаратын болған.

Міне осындай мемлекеттік маңызы бар қызмет жүйесін жасау үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Осы құжат негізінде 19 қазан құтқарушылар күні болып белгіленді.

Тосынан бір жағдай туындай қалса 102-ге хабарласып, арнайы қызметкерлерге сенім артуға болатынын көбі біледі. Дегенмен «аймақта бұл сала қалай дамыды, қандай жұмыстар атқарылуда, құтқарушыларға қандай талап қойылады, олар қайда оқу керек?» деген сұрақтардың жауабын біле бермейтініміз рас.

Жалпы өңірде құтқару саласы КСРО-дағы өрт сөндіру бөлімі біріктіріліп, ішкі істер құрамына алынды. Яғни 1981 жылға дейін шенсіз кісілер еңбек етті. 1997 жылы ішкі істер саласынан бөлініп, өз алдына Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне қарады. 2008 жылы үш мекеме – өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрттен қорғау, төтенше жағдайлар



саласы біріктіріліп, бір мекеме атанды, ол – өңірдегі Төтенше жағдайлар департаменті. Ал қазіргі ТЖМ-нің негізі 1995 жылы 19 қазанда қаланды, – деді департаменттің «Қоғаммен байланыс» тобының бас маманы Айгүл Нұрманова.

Биыл қардың күрт еруіне байланысты туындаған су тасқыны біршама жұртты әбгерге салғаны рас. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салып, сала мамандары күндіз-түні жұмыс істеді. Олардың қатарында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің 100-ге жуық қызметкері де бар. Сыр елінен арнайы жіберілген мамандар 90 күн бойы су тасқыны болған аймақтарда еңбек етті.

Статистикаға сүйенсек, су тасқыны болған өзге өңірлерде 1133 адам эвакуацияланды. 1488 бас малды және 2 көлікті қауіпсіз жерге көшірді. Гуманитарлық көмектерді таратты.

Құтқарушылар қандай жағдайда да батыл шешім қабылдап, күн мен түнге қарамай моральдық та, физикалық жағынан да сақадай сай тұратыны

белгілі. Соның нәтижесінде қауіптің алдын алып, адамның аманлығын күзетеді.

Дерек пен дәйек. 2024 жылдың 9 айында 2848 оқу-жаттығу өтіп, 47 қызметкер азаматтық қорғаныс саласына оқытылды.

Өзен жағасында орналасқан облыс тұрғындары үшін суға түсу маусымы аса сақтықты қажет ететіні рас. Суға түсу кезінде 2731 рейд өткізілген. Осы уақыт аралығында туындаған әртүрлі оқиғалар кезінде 307 адам құтқарылды. Оның 194-і бала. 82 адам эвакуацияланды.

Ал осы 9 айдың ішінде жедел құтқару жасағының мамандары 592 рет оқиға орындарына шыққан. 315 өрт оқиғасы болған, бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 11%-ға аз. Өрт қауіпсіздігі бойынша 1134 нысан тексерілді. 323 адам құтқарылды. Ал 201 адамға алашқы медициналық көмек көрсетілді. Құтқарушылар 1873 авариялық-құтқару жұмыстарына шықты.

Ер балалар кішкентайынан ел мен жерді қорғайтын нар тұлғалы азамат болып қалыптасуды армандап, өсе келе сондай мамандықтарға ұмтылатыны белгілі. Ол үшін ең алдымен шыдамды, психологиялық төзімді, іскер, жан-жақты болуы шарт және кәсіби білімі болуы, дене даярлығы маңызды. Салалық оқу орнына келсек, құтқарушылар негізінен Көкшетау техникалық академиясын тәмамдауы керек. Ал өрт сөндіру қызметіндегі құтқарушы болғысы келетін талапкерлердің техникалық колледжде білім алуына болады.

Электр энергиясымен байланысты техника көбейген сайын тұрғындар өрттен ерекше сақтанатыны белгілі. Тілсіз жаудың бетін қайтаруға физикалық әрі эмоционалды тұрғыда мығым жігіттер таңдалады. Солардың бірі – №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға жүргізуші-қызметкері, азаматтық қорғау аға сержанты Нұрболат Есекеев.

33 жастағы құтқарушы 6 жылдан бері көптеген өрт оқиғасына қатысқан. Ол бала күнінен қызыл көлікке отырып, адамдарға көмектесуді армандапты.

Өртке кіру үшін ең алдымен моральды түрде дайын болу маңызды. Себебі басқалар сол аумақтан қашып жатқанда, сен батыл түрде оқиға орнына баруың қажет. Күндіз ғана емес, түнде де шұғыл хабар түсуі мүмкін. Мұндайда жолда рация арқылы жағдайдан хабардар болып, кімнің қандай жұмысты атқаратынын ақылдасып аламыз. Ең бірінші адамдарды аман алып шығу міндеті тұрады. Мұнан кейін құжаттар мен құнды дүниелерді шығаруға тырысамыз. Өрт көбіне адамдардың салғырттығынан туындайды. Осы салада еңбегі сіңген әріптестеріміздің арасынан Жандос Рысбеков, Сәкен Есжанов, Хасен Аманжол, Өмірбек Шахмарал, Темірбек Бағжанды ерекше атар едім. Олардың ең азы осы салада 4-5 жыл қызмет атқарған, – деді Нұрболат Қарабайұлы.

Өзгелер қиын жағдайға тап болғанда ең бірінші қасынан табылып, жедел әрі батыл қимылдайтын құтқарушылар үшін әрбір минут маңызды. Бұл қызметте енжарлар мен жауапкершілікке селқос қарайтындарға орын жоқ. Сондықтан төтенше жағдайлар саласының әрбір маманы құрметке лайық.

А.НУРТАЙҚЫЗЫ

Басы 1- бетте

ЖАҒАҢДЫҚ

ҚАУІП:

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР

ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Сархат Бейсенова жыл сайын республикада ЖРВИ-дың 4-5 миллион және тұмаудың 2 мыңға дейінгі жағдайы тіркелетінін мәлімдеді. Ал қыркүйекте республикада жігіт респираторлық вирустың инфекцияның 544 мыңнан астам жағдайы тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 27%-ға төмен. Бірақ бұл жастардың иммундық жүйесінің әлсіздігін, дұрыс тамақтанбау және өмір сүру салтындағы стресстің басым екенін жоққа шығармайды. Жұқпалы дерттен пандемия сипатына ауысқан COVID-19 адамзат тарихындағы ең ауқымды денсаулық дағдарысына айналды. Вирустың жылдам таралуы, оның жаңа штаммдарының пайда болуы аурудың ғаламдық масштабта таралуына әсер еткеніне куә болдық.

XX ғасырдың басында вирус екені анықталған қызылша да бүгінде назар аударатын мәселеге айналды. Оған қызылшаға қарсы белсенді күрес 1963 жылы вакцина жасалғаннан кейін басталды. Көбіне қызылша ауа тамшылары арқылы таралады. Науқас адам сөйлескенде, жөтелгенде немесе түшкіргенде вирустар шығарады. Ол денеге байланыс арқылы да енеді. Ауру емес және вакцинацияланбаған адамдарда қызылшаға бейімділік шамамен 95%-ды құрайды. Кейінгі 15 жылдың ішінде республикада 3 рет қызылша ауруының өсуі тіркелді. Нақтыласақ, 2005, 2015, 2019 жылдары. Аурудың кезекті өсуі өткен жылы басталды. Билтыр елде қызылшаның 29 648 жағдайы тіркелсе, оның 80%-ы 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі. Ал билы Румынияда бұл ауру өршілі. Жыл басында елде індетті 3 мыңға жуық адам жұқтырып, төрт адам қайтыс болған. Австрия, Германия, Франция, Бельгияда да инфекциямен ауруханаға түсушілердің саны артқан. 2022 жылы Еуропада қызылшамен 941 адам ауырған болса, былтыр 30 мың адам сырқаттанған.

Ал маса арқылы таралатын «безгек» ауруы адамның дене қызуын көтеріп, бауыр мен қан айналым жүйесіне әсер етеді. Қазақстанда сирек кездескенімен, шет елдерге саяхаттайтын жастар үшін паразиттік аурудан қорғану маңызды. 2020 жылы әлемде бұл аурумен 241 миллион адам ауырған.

Адамдар қалтырап, басы ауырып, әлсіздікті сезінсе, тез арада дәрігерге қаралуы қажет. Әсіресе ауруды жұқтыру қаупі жоғары болып өспелілетін маусым – қыркүйек айларында. Ауру адамның қанын зерттеу микроскоппен тексерген кезде ғана тура диагнозы анықталады. Безгек ауруын уақытында және дұрыс емдемесе қан аздақ, ішкі ағзалардың тіршілік етуінің бұзылуы, еңбек ету қабілетінің жоғалуы пайда болып, науқастың жағдайы ауырлайды, – дейді санитарлық эпидемиологиялық қызмет маманы М.Ажарбаева.

Ауамен таралатын аурулардың тағы бір себебі ретінде әлеуметтік белсенділікті де қарастыратын жөн. Жастар оқу орындарында, жұмыста көп уақыт өткізіп, қоғамдық көліктер мен халық көп шоғырланған орындарда жиі болады. Мұндай жағдайларда инфекцияның тез таралу қаупі еселенеді. Ал жұқпалы аурулардың көбеюіне келесі себеп ол, әрине, денсаулыққа немқұрайлы қарау. Көбі тұмау секілді аурудың алғашқы белгілерін байқаса да, дәрігерге жүгінбейді. Бұл өз денсаулығына ғана емес, айналадағы адамдарға да қауіп екеніне мән бермейді. Ал мұндай немқұрайлы көзқарас жастар арасындағы жұқпалы аурулардың таралуын одан әрі күшейтеді.

Бауа дамитын, бірақ аса қауіпті бактериялық ауру саналатын туберкулез өкпені зақымдап қана қоймай, ағзаның басқа мүшелеріне де әсер етеді. Елімізде 2018 жылы туберкулезге шалдығу көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 48,2 болса, 2022 жылы бұл шамамен 24,3 пайызға кеміген. Балалар арасында 2018 жылы 100 мың адамға

шаққанда 11,9 болса, 2022 жылы 100 мың адамға шаққанда 8,8 науқасты құрап, ауру көрсеткіші 26,1 пайызға төмендеді. Өткен жылы Қазақстан 2030 жылға қарай туберкулезді жою жөніндегі әлемдік көшбасшылар коалициясына (БҰҰ) қосылды. 15 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер әлемдегі туберкулезбен ауыратын адамдардың шамамен 11% құрайды. Бұл жыл сайын 15 жасқа дейінгі 1,1 миллион бала мен жасөспірімдер туберкулезбен ауырып, оның 225 мыңнан астамы қайтыс болады деген сөз.

Ал елдегі ахуал жайлы жыл басында өткен Үкімет отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің экс-министрі Ажар Гиният мынадай көрсеткіштермен бөлісті.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша халық денсаулығының негізгі көрсеткіштерінің жақсарғаны байқалады. Аурушандық 6,5%-ға төмендесе, жалпы өлім-жітім 5,4%-ға түсіп, соның ішінде қанайналым жүйесі ауруларынан 6,8%-ға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан 4,5%-ға, обыр ауруларынан 3%-ға, туберкулезден 22,1%-ға, ал жалпы инфекциялық аурулардан болатын өлім көрсеткіштері 10%-ға төмендеді, – деді ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің экс-министрі Ажар Гиният.

Бұдан бөлек гепатиттерге тоқталсақ. Ол – бауырды зақымдайтын инфекция. Гепатит А вирусы лусан немесе тағам арқылы жұғады, ал В және С вирустары негізінен қан және басқа да биологиялық сұйықтықтар арқылы таралады. Гепатит В мен С жиі жағдайда бауыр циррозына немесе қатерлі ісікке алып келеді.

Аты да, заты да қорқынышты ЖИТС, сифилис, гонорея секілді аурулар жыныстық қатынас арқылы таралады. Бұл ретте жастардың жыныстық қатынасқа байланысты ақпаратсыздығы және сақтық шараларын ескермеуі аурулардың көбеюіне әкеледі. Қазақстанда ВИЧ жұқтырғандар алғаш

рет 1987 жылы тіркелген. Бұл ауру Алматыда оқитын, Африка елдерінен келген төрт студенттен анықталған. 1995 жылға дейін Қазақстанда ЖИТС жұқтырған 30 науқас тіркелген. Ал 1996 жылы Қарағанды облысы Теміртау қаласында есірткіге тәуелді адамдар арасында 36 азаматтың ЖИТС жұқтырып алғаны анықталған. Оларға есірткіні бірге қабылдаған кезде тамырына салған ине арқылы вирус жұққан. Содан бастап есірткі тұтынушылардың арасында ЖИТС жұқтырып алғандар көбейе бастаған. 2021 жылы әлемде 10-19 жастағы 1,7 миллион жасөспірім ЖИТС-пен өмір сүрген. Ал олардың 90%-ға жуығы Африка аймағындағы жастар. ДДСҰ дерегіне сүйенсек, жаңа инфекциялардың айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, жасөспірімдердің 10%-ы жаңа ЖИТС жұқпаларына шалдыққан. Оның ішінде төрттен үш бөлігі – жасөспірім қыздар. UNAIDS бағдарламасының өткен жылғы мәліметіне сәйкес әлемде АИТВ инфекциясын жұқтырған шамамен 39 миллион адам бар.

Ұлыбританияда жыныстық тәрбие бойынша ақпараттандыру науқандарының арқасында ЖИТС жұқтыру көрсеткіші 2010 жылдан бері 30%-ға төмендеген. Оңтүстік Корея мен Жапонияда жастар арасында профилактикалық медициналық тексерулер жүзегі түрде жүргізіледі. Бұл тексерулер аурулардың ерте кезеңінде анықталуына және уақытылы емдеу шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Жастардың денсаулығы – тек жеке адамның емес, ұлт келешегінің негізі. Инфекциялық дерттер ерте кезеңде емделмесе, ауыр асқынға, түбінде кейде қайғылы жағдайларға әкеледі. Алдын алу шаралары, диагностика жасау, ақпараттандыру және вакциналау – аурумен күрестегі ең басты қаруымыз.

Инжу МАРЖАН



ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТЕАТР ҚАЖЕТ ПЕ?

Басы 1-бетте

Үкімет мүшелері толық қатысқан жиында мәслихат депутаты ұлттық дәстүр мен өнердің ордасына айналатын онаша шаңырақтың қажеттігін баса айтып, ұсыныс білдірді.

– Мәселен, Қытайдағы дәстүрлі Пекин орталығы, Италиядағы Ла Скала, Қырғыз ағайынның дәстүрлі Манас орталығы өз ұлтының төл өнері мен дәстүрін сақтап, дамытып отыр. Бізге де осындай республикалық деңгейдегі ұлтымыздың ән, күй, жыр, айтыс-термесін әлемге танытатын дәстүрлі ұлттық театр ауадай қажет. Ол жай ғана театр емес, қазақ ұлтының рухани байлығын баршаға паш етіп, ұрпақ тәрбиесіне оң әсерін тигізетін орталық болатынына еш күмәнім жоқ, – деді Ринат Рифхатұлы.

Мінберде айтылған дәл осы сөздер желіде желдей тарады. Оның дәлелі Ерлан Рысқали, Елмұра Жаңабеген, Айгүл Елшібаева сынды дәстүрлі өнер өкілдері қолдау білдіріп, паракшасында бөлісті. Дегенмен халық ішінен «басқа мәселе құрып қалды ма?» деген желеумен қарсылық танытқандар да табылды.

Осы орайда Мәжіліс депутаты айтқан әлем елдерінің дәстүрлі орталықтары жайлы оқырманға бірқатар мәлімет беруді жөн көрдік.

Қырғызстандағы дәстүрлі «Манас» орталығы

Қырғызстандағы Манас орталығы – ұлттық мәдени және тарихи мұраны сақтауға бағытталған мекеме. Орталық қызметкерлері Қырғызстанның халық эпосы «Манасты» зерттеп, насихаттаумен айналысады. Қырғыз халқының ең маңызды әдеби мұрасы болып саналатын аталмыш эпостың мазмұны ел тарихы, батырлық дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын бейнелейді.

Орталық эпосты ғана зерттеп қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдениетті сақтау, дамытуға да көп көңіл бөледі. Орталықтың басты мақсаты – «Манас» эпосының толық нұсқаларын жинап, оларды ғылыми түрде зерттеу, көпшілікке тарату және осы мұраны болашақ ұрпаққа жеткізу.

Орталық түрлі жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырады, соның ішінде:

- Манасшылар фестивалдері – бұл дәстүрлі өнердің жандануына және көпшілікке көрсетуіне арналған шаралар. Фестиваль барысында манасшылар халық алдында өз өнерлерін көрсетеді.
- Зерттеу және ғылыми конференциялар – эпосты зерттеумен айналысатын ғалымдар мен зерттеушілер үшін ғылыми алаң. Бұл жерде эпостың түрлі нұсқалары, мәдениет пен тарихтағы орны талқыланады.
- Мәдени-ағартушылық бағдарламалар – мектептер мен жоғары оқу орындарында, сондай-ақ халық арасында «Манас» эпосын таныстыру, жас ұрпақты осы құндылықтарға жақындату бағытындағы жұмыстар.
- Халықаралық байланыстар – Қырғызстанның шекарасынан тыс жерде де эпосты таныстыру мақсатында түрлі халықаралық жобаларға қатысады.

Манас орталығы мәдениет министрлігінің қолдауымен жұмыс істеп, бүгінде Қырғызстанның ғана емес, жалпы түркі әлемі үшін маңызды орталықтардың бірі болып отыр.

Қытайдағы дәстүрлі Бейжің орталығы

Бейжің – аспан асты елінің астанасы, әлемдегі ең көне және тарихи маңызы бар қалалардың бірі. Ол бірнеше ғасырлар бойы Қытай империясының саяси, мәдени және рухани орталығы болып келді. Дәстүрлі Пекин орталығы – қаладағы ескі аудандар мен тарихи жерлерді қамтиды. Онда Қытайдың бай мәдениеті, архитектурасы және тарихы бейнеленген. Дәстүрлі Пекин орталығы Қытай мәдениеті мен тарихының символы болып, әлем елдерінен туристер жиі-жиі табан тірейтін жерге айналған. Мұндағы ең маңызды дәстүрлі орындар:

Тыйым салынған қала – Пекиннің жүрегі болып саналады. Мин және Цин әулеттерінің билік құрған тұсында салынған бұл кешен әлемдегі ең ірі императорлық сарай. 72 гектар аумақты алып жатқан ол 980 ғимараттан тұрады. Қытай архитектурасының керемет үлгісі болып саналатын қала ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген. Деректерге сүйенсек, бұл сарайда тек император мен оның әулетінің мүшелері өмір

сүрген, ал қарапайым халыққа кіруге тыйым салынған. Сондықтан «Тыйым салынған қала» деп аталып кеткен. Сарайдың әрбір бөлшегі императордың құдіреті мен билігін көрсетуге бағытталған, мұнда ежелгі қытайлық философияның элементтері, мысалы, инь және ян, бес элемент теориясы қолданылған.

Пекиннің тағы бір маңызды діни-мәдени нысаны – Аспан храмы. Бұл храм ежелгі Қытайдың діни өмірінің орталығы болып, императорлардың жыл сайын аспанға құрбандық шалу орны ретінде қызмет еткен. Аспан храмы ежелгі қытайлықтардың космологиялық көзқарастарын бейнелейді. Ол аспан мен жер арасындағы байланыс, табиғи циклдер және адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүру қажеттілігі туралы идеяларға негізделген. Сондықтан храм кешенінің барлық элементтері, мәселен құрылыс заттарының пішіні мен бояуында аталған философия айғайлап тұр.

Хутундар – Пекиннің ескі аудандары мен тұрғын үйлері орналасқан тар көшелер. Бұл аудандар қала тұрғындарының күнделікті өмірінің айнасы іспетті. Хутундар алғаш рет Юань әулеті кезінде пайда болды, содан бері олар Пекиннің маңызды әлеуметтік құрылымына айналды. Бүгінде хутундардың бір бөлігі бұзылып, орнына жаңа құрылыстар салынғанымен, кейбір аудандар өз болмысын сақтап, туристер үшін ерекше қызығушылық туғызып отыр. Хутундарда серуендеу арқылы қытайлықтардың дәстүрлі өмір салтымен, тұрмысымен танысуға болады.

Пекин операсы – Қытайдың ұлттық дәстүрлі өнерінің 200 жылдан астам тарихы бар театрлық өнер түрі. Пекин операсы тек музыка мен драма емес, сонымен қатар дәстүрлі қытай философиясы мен этикасын паш етеді. Онда адамгершілік, батырлық, адалдық, патриотизм сияқты құндылықтар жеткізіледі.

Тяньаньмэнь алаңы – Пекиннің тағы бір символикалық орны. Бұл алаң әлемдегі ең ірі қоғамдық алаңдардың бірі және Қытайдың саяси хам мәдени тарихындағы маңызды оқиғалардың орталығы. Ол Цин әулеті билік құрған жылдардың соңына қарай салынған. Тяньаньмэнь алаңының айналасында бірнеше маңызды ғимараттар орналасқан, олардың ішінде Қытай Халық тарихы мұражайы және Халық батыры ескерткіші бар. Алаң қазіргі Қытайдың саяси билігін, халық бірлігін және мемлекеттің қуатын айқындайды.

Қорытындылай келе дәстүрлі Пекин орталығы – бұл Қытайдың бай тарихы мен мәдениетінің басты айнасы. Қаланың осы бөлігінде бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, философиялық және архитектуралық мұралар сақталып, айта кетейік, жоғарыда аталғандар тек Қытайдың ғана емес, әлемдік мәдениет тарихындағы ерекше орны бар жәдігерлер.

Ла Скала театры: Италиядағы әлемге әйгілі опера орталығы

Ла Скала театры – әлемдегі ең атақты және беделді опера театрларының бірі. Милан қаласында орналасқан бұл мәдениет ордасы 1778 жылдан бері өнер сүйер қауымды классикалық музыканың үздік шығармаларымен таныстырып келеді. Ла Скала опера өнері мен балеттің ең танымал сахналарының бірі ретінде танылып, Италияның ғана емес, дүние жүзілік музыка тарихына үлкен үлес қосты.

Ла Скала театрының тарихы XVIII ғасырдан бастау алады. 1776 жылы Миландағы Корольдік театр өртке орғаннан кейін жаңа опера театрын салу қажеттілігі туындады. Сәулетші Джузеппе Пьермарини австриялық патшайым Мария Терезаның тапсырысы бойынша орталықты екі жыл ішінде салып шыққан. Театр 1778 жылдың 3 тамызында композитор Антонио Сальеридің «L'Europa riconosciuta» операсымен ресми түрде шымылдығын түрді.

Ла Скалада Джоаккино Россини, Винченцо Беллини, Гаэтано Доницетти және Джузеппе Верди сынды әлемге әйгілі композиторлардың опералары көрермен назарына ұсынылды. Бұл сахнада ұлы композиторлардың туындылары алғаш орындалып, олардың шығармашылығын халықаралық деңгейде танылуына ықпал етті.

Театр өзінің классикалық үлгісіндегі архитектурасымен ерекшеленеді. Сыртқы көрінісі салыстырмалы түрде қарапайым болғанымен, театрдың ішкі дизайны сан-салтанаты мен керемет акустикасы талайды таңдандырған. Театрдың көрермен залы 2000-нан астам адамға шақталып, бірнеше деңгейде орналасқан және қызығы мұндағы ең танымалы «балкондар» көрінеді. Олар театрға тән ерекшеліктердің бірі саналып, көрерменге қойылымды түрлі ракурстан көруге мүмкіндік береді.

Театрдың ерекше акустикасы опера өнерінің жауһарларын тыңдауға ең қолайлы орындардың біріне айналдырды. Залдың архитектурасы дыбыстың біркелкі естілуін қамтамасыз етеді, бұл әртістердің орындаушылығын одан әрі әсерлі ете түседі.


Ла Скала сахнасы опера мен балет өнерінің ірі шығармаларының алғаш орындалуымен әйгілі. Мұнда Джакомо Пуччини, Вольфганг Амадей Моцарт сияқты ұлы композиторлардың опералары алғаш рет көрерменге жол тартқан. Әр маусымда театр сахнасында жаңа қойылымдар дайындалып, классикалық музыканың таңдаулы туындылары қайталанып көрермен назарына ұсынылып отырады.

Осы күндері де Ла Скала – әлемдік опера мен балет өнерінің ең маңызды орталықтарының бірі болып қала береді. Театр жыл сайын жаңа маусымдарын ашып, әлемнің түкпір-түкпірінен келген өнер сүйер қауымға классикалық музыканың ең үздік туындыларын ұсынады. Ла Скала оркестрі мен хоры, сондай-ақ балет труппасы әлемдік гастрольдерге шығып, өнерін кең аудиторияға таныстырып келеді. Сонымен қатар Ла Скалада музыкалық білім беру бағдарламалары да бар. Мұнда жас таланттар опера өнері мен музыкалық орындаушылықтың қыр-сырын меңгеріп, болашақта сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік алады. Театрдың жанында Ла Скала мұражайы орналасқан, онда тарихи құжаттар, костюмдер және музыкалық аспаптар көрмесі ұсынылған.

Аталған театр 2017 жылдың тамыз айында Қазақстанға табан тіреген болатын. Хор, оркестр, солистер мен техникалық қызметті қосқанда толық құрам 260 адам Астана Опера театрында Джузеппе Вердидің «Фальстаф» операсы мен Людвиг ван Бетховеннің «Ре-Миор, Ор 125 №9» симфониясын қалың көрермен назарына ұсынды.

Түйін. «Шала білім мен шалағай мәдениет бір құлатпай тынбайды» дейді Ғабит Мүсірепов. Жоғарыда келтірілген мәліметтер арқылы әрбір ұлттың тарихында мәдениеттің алатын орны қашан да биік екенін айтқымыз келеді. Біздің тілек – бабадан балаға жалғасқан төл мұрамызды қайта жаңғыртып нәм туризмді дамытып, әлем жұртына мәдениетімізбен мақтанатын деңгейге жету.

Аружан ОРАЛБАЙ



САҒАТ —

УАҚЫТ ПЕН СӘНДІ

ТОҒЫСТЫРҒАН ӨНЕРТАБЫС



Сағат – сан ғасырлық тарихы бар адамзат жетістіктерінің бірі. Уақытты өлшейтін маңызды құрал ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен өнердің, технологиялық дамудың, сәннің ажырамас бөлшегіне айналды. Қазір ұялы телефондар көп қолданыста болса да, сағаттың мәртебесі қашан да жоғары.

Уақытты өлшейтін құралдың шығу тарихы мыңдаған жылдарды қамтиды. Алғашқы механикалық сағаттар XIV ғасырда Еуропада пайда болды. Бірақ бұл құралға деген сұраныс әлдеқайда ертеректе орын алды. Мәселен, ежелгі Египетте күн, су, құм сағаттары қолданыста болды. Сонау «күн сағаттан» бүгінгі қолданыстағы «кварц», «электронды сағатқа» дейін бірнеше жандану кезеңдерін өткерген өнертабыс кез-келген адам өмірінде маңызды рөл атқаратыны рас.

XVI ғасырда Швейцария сағат жасау өнерінің ошағына айналды, әлемді мойындата білді. Бүгінгі өлшеу швейцариялық сағаттар уақыт дұрыстығы бойынша ең дәл әрі ең қымбат болып есептеледі. Бұл елдің сағат өндірушілері механикалық уақытты өлшеу құралын нағыз өнерге айналдырды. Олардың ішінде «Rolex», «Patek Philippe», «Audemars Piguet» сынды брендтер көпшілік арасында танымал.

Көптеген адам сағат тек уақытты көрсететін құрал емес, сонымен қатар олардың жеке стилін айшықтай түсетін аксессуар ретінде қабылдайды. XVIII ғасырда Ұлыбританияда сағат өте бағалы деп саналып, сағат тақандарға қосымша салық салынған. Осы себепке байланысты бұл құралды сатып алғысы келетіндердің саны азайды. Сағатты стильмен байланыстырғандар жоғарыда атап өткен құны миллиондаған долларды қамтитын брендтік өнімнен бас тартпайды.

Әлемдегі ең қымбат сағаттардың бағасы таңғаларлық деңгейге жетті. Олардың қатарында тарихи маңызды сағаттар да, заманауи колөнершілер жасаған ерекше өнертабыстар да бар.

Мәселен, 2019 жылы Patek Philippe маркасының «Grandmaster Chime» моделі аукционда 31 миллион долларға сатылды. Бұл сағат екі беті бар және көптеген күрделі механизмді қамтиды. Сағаттың бірегей дизайны мен функционалдығы оны коллекционерлер арасында өте құнды етті.

Тағы бір атақты сағат – Rolex маркасының «Paul Newman Dayton» моделі. Атақты актер Пол Ньюман киген бұл сағат 17,8 миллион долларға сатылып, тарихта қалды.

«Breguet Marie-Antoinette» сағаты да сөзімізге тиік бола алады. Бұл сағат Францияның атақты патшайымы Мари Антуанетта үшін арнайы жасалған. Өкінішке қарай, патшайымның қайтыс болуына байланысты оның өзіне арналған сағатты тағу бұйырмады. Бұл сағатты механикалық күрделілігі мен алтын бөлшектері өте бағалы етті. Бағасы шамамен 30 миллион долларға тең.

Сағат туралы қызықты деректердің бірі – әлемдегі ең алғашқы телевизиялық жарнама сағат туралы болған. 10 секундтық «Bulova» брендінің сағатына арналған жарнама 1941 жылы 1 маусымда NBC арнасында бейсбол матчының алдында көрсетілді.

Сондай-ақ көпшілік арасында сағатты сыйға тартуға болмайды деген наным-сенім бар. Жұртшылық сағат сыйлауды ара-қатынастың үзілуіне, достықтың бұзылуына әкеледі деп есептейді.

Бүгінде сағаттар түрлі түрге бөлінеді. Атап айтқанда, қол сағат, қалта сағат, қабырға сағат – олардың бәрі күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі. Кейінгі жылдары «smart сағаттар» қолданысқа келініп ене бастады. Олар уақытты көрсетумен қатар, денсаулық мониторингін жасайды. Хабарламаларды оқу, суретке түсіру, тіпті байланысуға да болатын функцияларды ұсынады. Ғаламторға байланысы болса, әлеуметтік желіге кіруге де мүмкіндік беретін «ғажап» құралға айналды.

Қорлан САРЫ



ТАНДАМАҒАН ЖОЛДАН ТАБЫЛҒАН ТАБЫС

Кейде тағдыр бізді мүлдем күтпеген жолдарға жетелейді. Бүгінгі кейіпкеріміз бұл сөзімізге дәлел. Себебі спорт пен туризм саласында білім алған ол қазір кәсіби аспаз ретінде еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеуде.

Айбар Таңатбек – ежелгі рухтың ошағы атанған Түркістанға қарасты Арыстың тумасы, 10 жылдан астам тәжірибесі бар бас аспаз әрі кәсіпкер. Ал оның тағам әлеміне қалай бет бұрғанын білу үшін байланысқа шықтық.

Онлайн әңгімеміз бала Айбардың арманы жайында басталды. Ол балалық шағында аспаздық туралы тіпті ойламағанын айтты. Алайда тағамға деген махаббаты студенттік шақта, жатақхана қабырғасында қалыптасқан. – Университетте «Спорт және туризм» саласында оқып жүргенде жатақханада жиі тамақ әзірлейтінмін. Достарым әр тағамымды жоғары бағалап, таңданатын. Тіпті «біздің аспаз» деп те атап кетті. Кейде сол қалжың мені тағам әлеміне қарай жетелеген секілді көрінді, – деді ол күлімсіреп.

Ал егер аспаздық жолды тандамаса ата-әжесінің ізімен мал шаруашылығына бет бұрар еді. Себебі осы салаға қызығушылығы бар екенін айтты өтті. Сонымен қатар кейіпкерімізбен таныса келе, оның Қазақстанның бірқатар қаласында жұмыс істеп қана қоймай, өзге мемлекеттерде де тәжірибе жинағанын байқадық.

– Тағам, мейрамхана, аспаздық саладағы еңбек өтіліміз – 10 жыл. Ал керемет тәжірибе ретінде Мәскеуде өткен мемлекетаралық аспаздар сайысының мақтанышымен айтамын. Бұдан бөлек басқа да байқауларға қатысып, білімді шындырау тырысымын. Ел ішінде де тапсырыс қабылдап, түрлі мейрамханаларда жұмыс істедім. Әр мейрамхананың бір-бірінен айырмашылығы көп, бірақ әрқайсысынан үйренерлік дүниелер бар. Бүгінде бұл сала елімізде қарқынды дамып келеді. Егер аспаздық кәсіпке, аспаздықты табысты саланың бірі деп айтар едім. Бастысы жаңашылдық қажет, оны енгізіп те жатырмыз, – деді Айбар Қуанышбекұлы.

Аспаздардың өмірі көпке қызық. Әңгіме барысында бір күннің қалай өтетінін және қызықты оқиғасын сұрағанда:

– Біздің тіршілігіміз ерекше. Күніне 12-16 сағат тік тұрып тамақ дайындаймыз. Нақты есептемедім,

бірақ күніне шамамен 200-300 тағам әзірлеймін. Жұмыс барысында ұжымдастармен қалжыңдап та үлгереміз. Өзіңізге «құпия» ретінде айтайын, кейде көзге жас та аламыз.

Халық арасында қазір ең танымалы – ет. Ол біздің ұлттық тағамымыз болғандықтан, бірінші орында тұрады. Ал авторлық тағамдарымыз бірі – нохат қосылған көкөністер мен «қарм» тұздығында дайындалған қойдың бел арқа еті. Қазақы асханадан бөлек италиян, үнді, мексика және қытай асханаларында жұмыс істедім. Ал қызықты оқиғамең бөлісу қиын. Қызмет барысында есте қалған, жүрекке жылу, ал жүзіне күлкі сыйлатын оқиға көп. Оны түгел айтып тауыса алмаймыз. Ол үшін самаурынмен шәй қою керек шығар.

Әуелде сіз «Айбардың шабыты неде?» деп сұрақ қойғанда біршама ойландым. Себебі идея, шабыт қайдан келетінін білмеймін. Әйтеуір, кейде алып келеді де, жасап көремін. Ұнамаса, оң нәтижеге жетпейінше тынбаймын, – деп жылы жауап қатты.

Оқырмандарға да қызық сауалдарды жолдадық. Осылайша аспаздардың жақаласы мен мейрамханадағы тағамдарды есептеу туралы әңгіме өрбіді.

– Әр тағамның құнын өзіміз есептеп, басшылықпен бірлесіп жұмыс істейміз. Оның өзі де жауапты сат. Бағасы нақтыланса қол қойылып,

бекітіледі. Ал жалақыны еңбегімізге қарай аламыз, нақты сомасын айта алмаймын, – деді ол.

Қоғамда «аспаздық тек әйелдің жұмысы» деген пікір қалыптасқанымен, Айбар бұл оймен келіспейтінін айтты. Ал егер болашақ жарының ас үйге икемі болмаса?...

– Үйдің жұмысын екіге бөлген дұрыс емес. Аспаздықты да бөліп жармаймын, барлығы тең деп айтар едім. Сондай-ақ өзім үйде тамақ әзірлеймін. Мерекелік дастарханға да көңіл бөлемін. Ал болашақ келіншегіме байланысты сауалдың жауабы оп-оңай. Барлығы да үйретеміз.

Қызық дерек болсын, жапондықтар суши мен сашими дайындауға ерекше назар аударады. Бұл ретте тағам дайындау көбіне ер адамдарға тапсырылады. Себебі олардың дене температурасында айырмашылық бар көрінеді. Бұл температура әсіресе шикі балықпен жұмыс істегенде маңызды. Сондықтан ер адамдардың қолының температурасы дәл осы процеске қолайлы деседі, – деді ол.

Сұхбат соңында Айбар Қуанышбекұлы кәсібі жөнінде тілге тиек етті. Ол Арыс қаласында «Техас» технологиясын қолданатын «BBQ Pecha-roach» атты мейрамханасының негізін қалаған. Ал қазір Ақтау қаласында жас аспаздарды үйретумен айналысады.

Ину МАРЖАН

ТРЕНДКЕ АЙНАЛҒАН ТӘТТІ

Тәттіні шамадан тыс пайдалану зиян деп санағанымызбен оның пайдалы тұстарын да жоққа шығара алмаймыз. Мәселен оны мөлшерлеп пайдаланар болсаңыз, шаршаған ағзаны тез қалпына келтіруге көмектеседі. Сондай-ақ серотонин мен эндорфин сияқты «бақыт гормондарының» бөлінуін арттырады. Бұл адамның өзін жақсы сезінуіне, көңіл-күйінің жақсаруына әкеледі. Яғни стресс кезінде шоколад немесе басқа тәттілерді тұтыну – біршама жеңілдеу сезімін сыйлайды.

Қызығы тәттілер, оның ішінде шоколадтар ми мен жүрекке де пайдалы көрінеді. Шоколадтағы флавоноидтар және кофеин сияқты заттар мидың жұмысын жақсартып, зейінді арттырады. Бұл әсіресе ашық кара шоколадқа тән қасиет, өйткені оның құрамындағы пайдалы заттар когнитивті қабілеттерге оң әсер етеді. Сонымен қатар дәл осы кара шоколадтың құрамындағы антиоксиданттар қан айналымын жақсартып, қан қысымын реттейді. Бұған қоса, холестерин деңгейін төмендетуге көмектесіп, жүрек ауруларының алдын алуға ықпал етеді.

TikTok-та созылмалы әрі қытырлық



жасыл түсті салмасы бар шоколад жеп жатқан адамдарды жиі байқаған боларсыз. Желі қолданушыларының қызығушылығын тудырып, лезде танымалдыққа ие болған шоколадты біз «Дубайский шоколад» деген атаумен білеміз. Ал негізі ол «Fix» деп аталады. Бұл сөз «ерекше дәмді» деген мағына береді.

Дубай шоколадтары өз отанында шамамен 15 мың теңге болса, Қазақстандағы құны 22 мыңнан бастап 30 мыңға дейін жеткен. Аталған тәттіні жағдайына қарамай жапа тармағай сатып алғандар қоғамның қаржылай сауатының деңгейін тағы бір дәлелдеп берді.

Дубай шоколадның шығу тарихына тоқталайық. Тәтті 2021 жылы 38 жастағы дубайлық Сара Хамуда есімді әйелдің тәжірибесінен туындаған. Аталмыш шоколадты ойлап табуға оның жүктілік кезінде тәттіге деген жеріктігі себеп болған көрінеді. Кейін өнімді сатылымға шығарған ол

кәсіпкерлікпен айналысуды қолға алған. Ал бұл тәттінің әлемге танылуына тікелей әсер еткен Мария Вехера есімді желі қолданушысы. Оның батончикті жеп отырған ASMR-видеосы 90 миллионға жуық қаралым жинады. Нәтижесінде әлем халқының қызығушылығын тудырған өнімге сұраныс сағаттап арта түскен. Алғашқы әрі түп нұсқасын жасаушы Сараның айтуынша, тәттіге күніне мыңға тарта тапсырыс түседі екен.

Бұл шоколадтар құрма, қарак және кнафе сияқты шығыс дәмдерімен ерекшеленеді. 200 грамдық бір шоколадтың бағасы 20 доллар (9200 теңге). Оның түп нұсқасы тек Дубайда сатылады. Әрбір шоколад қолдан жасалатындықтан, барлық сұранысты қанағаттандыру мүмкін емес дейді өндірушілер. Бастапқыда үйден дайындауды бастаған Сараның қазір 10 адамнан құралған командасы бар.

Дубай шоколадын үй жағдайында



дайындауға қызығушылық танытқан жандардың да қарасы қалын. Оның іші салмасы қытырлық қатаң, пісте пастасы және тахнин сияқты ингредиенттерден дайындалып, сырты шоколадпен қапталады. Катаифи – ұсақ вермишельге ұқсас қамыр түрі, оны Таяу Шығыс өнімдерін сататын арнайы дүкендерден табуға болады.

Иә, сұраныстың әп сәтте артуына орай тәттінің көшірмесін жасап сатқандар мол пайдаға кенелгені анық. Мұндайда сатып алушы өз сауатына, сатушы ар-ұятына жүгінгені дұрысырақ «Ризықтың оннан тоғыз – саудала» десек те, пайда көрудің діндегі пайызыздық шектеуіне де ескергеніміз абзал.

Аружан ОРАЛБАЙ